

**"Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1417 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасын (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасында (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру):

2-бөлімнің он сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекет, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер қатысатын заңды тұлғалар, сондай-ақ шетелдер қатысатын заңды тұлғалар Бағдарламаға қатысушы бола а л м а й д ы . » ;

4-бөлімнің «Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері» деген кіші бөлімінің 6-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бағдарлама шеңберінде кредиттер және (немесе) лизингтік операциялар бойынша сыйақының, облигациялар бойынша купонның пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау шарты жасалмаған кәсіпорындарға қатысты бағдарламаға қатысушыларды оңалту (сауықтыру) жоспарларын іске асырудың мониторингі жүргізілмейді.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*К.Мәсімов*